

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына
толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 сәуірдегі № 319 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына
мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі туралы ережеде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 300-5) тармақшамен толықтырылсын:

"300-5) салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету
саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті
мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла
отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау тәртібін әзірлейді және бекітеді;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов